

## ТҮЙІНДЕМЕ

Бухгалтерлік ғылымды дамытудың қазіргі тенденцияларының бірі интегралды есеп беруді дамыту болып табылады. Есеп берудің бұл нысаны ұйымның экологиялық, әлеуметтік, саяси жағдайын көрсету үшін қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді біріктіруге бағытталған. Біріктірілген есептілік, қаржылық есептіліктен айырмашылығы, капиталдың жекелеген түрлері және бизнестің сыртқы факторлары туралы өзара байланысты ақпаратты қамтиды. Оны құру стратегиялық мақсаттар мен тәуекелдердің барлық түрлерін міндетті түрде қарастырумен қатар жүреді, бұл бізге ұйымның дамуын болжауға және оның құндылықты құру қабілетін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қаржылық және интегралды есеп берудің салыстырмалы сипаттамалары қарастырылады.

## РЕЗЮМЕ

Одним из актуальных направлений развития бухгалтерской науки является развитие интегрированной отчетности. Данная форма отчетности направлена на интеграцию финансовых и нефинансовых показателей для отражения экологического, социального, политического контекста организации. Интегрированная отчетность, в отличие от финансовой отчетности, содержит взаимосвязанную информацию об определенных видах капитала и внешних факторах бизнеса. Ее составление сопровождается обязательным учетом стратегических целей и всех видов рисков, что позволяет нам прогнозировать развитие организации и определять ее способность создавать стоимости. В связи с этим рассматриваются сравнительные характеристики финансовой и интегрированной отчетности.

## СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

**Джаншанло Рамзан Есарович** – доктор экономических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: ramazan1951@mail.ru

**Когут Оксана Юрьевна** – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: kogut.1108@gmail.com

MPHTI 06.61.53

JEL Classification: H7 F21

## IMPACT OF INSTITUTIONAL FACTORS ON ATTRACTING FOREIGN DIRECT INVESTMENT

**L. Zh. Ashirbekova<sup>1</sup>, T. T. Zhumagul<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

---

---

## ABSTRACT

*The purpose of this study* is to prove impact of institutional factors on attracting foreign direct investment, which is important only for countries where Gross National Income per capita exceeds the level above average.

*Methodology.* Authors developed and used a methodology that determines limited development level of the state, which can be taken into account when an investor makes a decision to invest in a particular country.

*The originality /value of research* reveals that the institutional environment in attracting FDI will increase if recipient country will exceed limited level of economic. In other words, for Less developed countries, institutional factors do not affect FDI inflows.

*Research results.* The study proved that institutional factors only affect FDI when a country's gross national income is higher than average. Consequently, institutional changes undertaken to attract FDI were determined to be appropriate if recipient country's Gross National Income per capita exceeds a certain limit.

*Keywords:* Foreign Direct Investment, developing countries, institutional factors, economic development.

## ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУДА ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Л. Ж. Аширбекова<sup>1</sup>, Т. Т. Жұмағұл<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

---

### АНДАТПА

*Зерттеудің мақсаты* институционалдық факторлардың тікелей шетелдік инвестициялар ағыны үшін әсерін, тек жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табысы орашадан жоғары деңгейінен асқан елдерге маңызды екенін дәлелдеу болып табылады.

*Әдіснамасы.* Авторлар бұл зерттеуде инвестордың белгілі бір елге инвестиция құю туралы шешім қабылдау кезінде ескеретін мемлекет дамуының шекті деңгейін анықтайтын әдістемені әзірлеп, қолданды.

*Зерттеудің бірегейлігі /құндылығы.* Жұмыстың маңыздылығы дамушы елдердің даму деңгейінің әр түрлілігіне байланысты, экономикалық дамудың шекті дәрежесі бар екенін және сол шектен асқаннан кейін ғана, ТШИ тартуда институционалдық ортаның маңыздылығы артатынын ашады. Басқаша айтқанда, дамушы елдер арасындағы әлсіз дамушы мемлекеттер үшін, институционалдық факторлар ТШИ ағымына әсер етпейді.

*Зерттеудің нәтижесінде* елдің жалпы ұлттық табысы орташадан жоғары болғанда ғана, институционалдық факторлар ТШИ-ға әсер ететіні дәлелденді. Демек, ТШИ тарту мақсатында жасалатын институционалдық өзгерістер, мемлекеттің жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табысы білгілі бір шектен асқаннан соң жасалған дұрыс деп айқындалды.

*Түйін сөздер:* тікелей шетелдік инвестициялар, дамушы елдер, институционалдық факторлар, экономикалық даму.

## ВЛИЯНИЕ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ ФАКТОРОВ НА ПРИВЛЕЧЕНИЕ ПРЯМЫХ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ

Л. Ж. Аширбекова<sup>1</sup>, Т. Т. Жұмағұл<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Республика Казахстан

---

### АННОТАЦИЯ

*Целью исследования* является доказательство влияния институциональных факторов на приток прямых иностранных инвестиций, что важно только странам, где общий национальный доход на душу населения превышает уровень выше среднего.

*Методология.* Авторы в этом исследовании разработали и использовали методику, определяющую предельный уровень развития государства, учитывающую при принятии инвестором решения об инвестировании в определенную страну.

*Оригинальность/ценность исследования.* Значимость работы раскрывает, что в зависимости от разнобразия уровня развития развивающихся стран, существует предельная степень экономического развития и только после того, как она будет превышена, будет возрастать значение институциональной среды в привлечении ПИИ. Другими словами, для наименее развитых стран институциональные факторы не влияют на приток ПИИ.

*В результате исследования* было доказано, что институциональные факторы влияют на ПИИ только тогда, когда валовый национальный доход страны выше среднего. Что означает, институциональные изменения предпринимаемые с целью привлечения ПИИ, были определены целесообразными после того, как валовый национальный доход государства на душу населения превысит определенный предел.

*Ключевые слова:* прямые иностранные инвестиции, развивающиеся страны, институциональные факторы, экономическое развитие.

## КІРІСПЕ

Үздіксіз тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) ел экономикасына ағылуы сөзсіз елдің қарқынды дамуына әкеледі. Алайда, инвесторлардың елге келуіне кедергі болатын басты тосқауыл, ол институционалдық ортаның әлсіздігі болып табылады. Елдегі бәсекелестіктің баға деңгейінен сапа деңгейіне көшуі, ол біріншіден жаһандануға байланысты. Көріп отырғанымыздай қазір инвестициялар тарту үшін қалалар арасында бәсекелестік күшейе түсуде, себебі инвесторлардың көз қарастары өзгерді, мысалға: арзан, бірақ өнімді жұмыс күшін қажет етеді, технологиялық бәсекелестіктің болуы, сондай-ақ жергілікті сұраныстың жеткілікті болуы, әрі тауарларын өңірлік нарыққа шығаруы, инфрақұрылымның дамығандығы, тиімді мемлекеттік басқару мен саяси тұрақтылық және институционалдық ортаны қажет етеді. Бұл талаптар тек әлеуметтік және саяси көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және саяси ортаның тартымдылығын қарастырады, яғни жергілікті және өңірлік нарықтардың белсенді дамуын ынталандыруды, тұрақты макроэкономикалық және саяси ортаны қамтамасыз етуді, институционалдық және құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуді, қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында білім беру үшін жағдайлар жасауды көздейді [1].

Зерттеудің объектісі институционалдық факторлар мен тікелей шетелдік инвестициялар ағындарының жүйесін сипаттайтын көрсеткіштер болып табылады. Ол үшін мақалада экономикалық еркіндік және мемлекеттік әлсіздік индекстерін пайдалана отырып талдаулар жүргізілген.

Институционалдық факторлардың дамушы елдер үшін тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) құйылуына айтарлықтай әсер ететіндігі туралы жеткілікті теориялық дәлелдер бар. Институттар мемлекет дамуының көптеген макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді, соның ішінде ТШИ ағындарына да. Тиісті мемлекеттік саясатты жүргізу арқылы ғана елге ТШИ тартуды сақтауға және жандандыруға болады, ал ол өз кезегінде қолайлы институционалдық орта құруды қажет етеді.

Бұл тақырыпта қызықты зерттеулердің бірі Де Мелло (de Mello) зерттеуі болып табылады, автор мақаласында екі арнаны бөледі және олар арқылы тікелей шетелдік инвестициялар елдің экономикалық өсуіне ықпал ететіндігін дәлелдейді. Біріншіден, капитал ағыны нәтижесінде, ТШИ өндірістік үрдісте жаңа технологиялардың бейімделуіне ықпал етеді. Екіншіден, тікелей шетелдік инвестициялар кадрларды даярлауда және икемділіктерді арттыру тұрғысынан да, сондай-ақ ұйымды басқарудың басқа да жоғары сапалы әдістерін пайдалануда және неғұрлым тиімді болатын ұйымның құрылымдарын енгізу арқылы білім беруді қамтамасыз ете алады.

Десекте, дамушы елге ТШИ ағынын ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу үшін институттардың дамуы ТШИ ағымына оң әсер етеді деген жәй ғана ұғым жеткіліксіз. Сондай-ақ жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыстан бастап, мемлекеттік дінмен аяқталатын көптеген көрсеткіштер бойынша дамушы елдер біртектес еместігі айтарлықтай фактор болып табылады. Бұл маңызды айырмашылықтарды алып тастап, тек орташа мәнін алуды дұрыс емес деп санаймыз, өйткені институционалдық факторларды эмпирикалық бағалау барысында бұрмаланушылықтарға әкеледі және ол тиісінше ТШИ ағынын тарту үшін институционалдық ортаны жетілдіру жөніндегі ұсынылатын шаралар тиімділігін төмендетеді.

### ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Де Меллоның ғылыми зерттеулерін, сондай-ақ инвестициялар өндіріс факторларының және мемлекеттік кірістердің тиімділігін жақсартуға септігін тигізетіндігін ЭЫДҰ өз зерттеулерінде растайды. Дегенмен екі зерттеудің де негізгі идеясы: ТШИ ағынының әсері елдің экономикалық және технологиялық жағдайларына байланысты. Яғни жоғарыда сипатталған зерттеулердің негізгі ойы, мемлекетке ағылған ТШИ-дан пайда көру үшін, дамушы елдер экономикалық дамудың белгілі бір деңгейіне жетуі тиіс деп санайды [2].

Дуглас Норт [3], Стивен Хаймер [4] және Майкл Портер [5] сипаттаған тікелей шетелдік инвестициялардың теориялық концепциялары инвесторлардың өзінің артықшылықтарын, интернационалдандыру артықшылықтарын, нақты елдің географиялық артықшылықтарын, ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын және инвестиция объектісін таңдау кезінде инвестициялау нарығының жетілмеуін пайдалануға ұмтылатынын айтады. Аталған сипаттамалардың бір бөлігі елдегі институционалдық ортаның жай-күйіне байланысты.

Институттардың қалыптасуы, жұмыс істеуі және дамуы мемлекеттердің экономикалық көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгешеліктерін көрсетеді. Дамушы елдер әдетте институционалдық ортаның төмен сапасымен көрініп жатады және өндірістік инвестициялар мен меншік құқықтарын қорғауды аса қатты қолдай бермейді [6]. Эдисон институттардың экономикалық көрсеткіштерге әсері, оның ішінде тікелей шетелдік инвестицияларға әсері, олардың бағыттарына сәйкес қалыптасады деп санайды [7]. Бұл экономикалық (сауда ашықтығы деңгейі, валюта саясаты), әлеуметтік (азаматтық еркіндік, сақтандыру), саяси (халықаралық қатынастар, билік режимі), институттар болуы мүмкін. Дамушы елдерде нашар жұмыс істейтін институттар тікелей шетелдік инвестициялардың құйылуына кері әсерін береді. Алайда мұндай елдер бірқатар басқа себептерге байланысты шетелдік инвесторлар үшін тартымды болып қала бермек. Әр түрлі институттардың дамуы технологиялардың тиімді трансфертін қамтамасыз ете отырып, инновацияларға ықпал ететін ТШИ ағынын ұлғайтатын болады, бұл өз кезегінде экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Көп векторлықты және көп полярлықты күшейту жағдайындағы ТШИ көлемінің төмендеу үрдістері, сондай-ақ тиісті мемлекеттік саясатты қалыптастыру қазіргі заманғы зерттеулердің маңызды бағыттары екені айқын. ТШИ ағынының төмендеуі көп жағдайда болшақтағы белгісіз үрдістердің, қазіргі экономиканың өндірістік әлеуетіне байланысты инвесторлардың алаңдаушылығын тудырғанда орын алады. Институционалдық нашарлау және шамадан тыс мемлекеттік реттеудің нәтижесі ТШИ ағындарының төмендеуіне әкеп соқтырады. Қазіргі таңдағы мемлекеттердің бір біріне санкция құралдарын пайдалану уақытында, өңірге ТШИ ағынын тартуды сақтап қалу, экономиканың тұрақты дамуына септігін тигізеді. Ол үшін қолайлы институционалдық орта құру, негізгі әдістердің бірі болып табылады.

ТШИ ағынының елдің экономикалық дамуына әкелетін әсерін теориялық және эмпирикалық зерттеулердің қорытындысын шығара отырып, келесідей нәтижелер жасауға болады:

- Дамыған елдерден дамушы елдерге тартылған тікелей шетелдік инвестициялар, алушы ел үшін көптеген оң әсерлерге ие. ТШИ капиталының тартылуы нәтижесінде өндірістік үрдісте жаңа технологияларды енгізуге септігін етеді. Тікелей шетелдік инвестициялар кадрларды даярлауда және икемділіктерді арттыру тұрғысынан да, сондай-ақ ұйымды басқарудың басқа да жоғары сапалы әдістерін пайдалануда және неғұрлым тиімді болатын ұйымның құрылымдарын енгізу арқылы білім беруді қамтамасыз ете алады. Одан бөлек, ТШИ ағыны бәсекелестікке оң әсерін береді, яғни ұлттық нарықта жаңа шетелдік компаниялардың пайда болуы нарықтың теңгерімін бұзады. Нәтижесінде отандық компаниялар өсіп келе жатқан бәсекелестікке қарсы тұруға және нарықтағы өз үлесін жоғалтпауға қабілетті болу үшін, өздерінің тиімділіктері мен өнімділіктерін арттыруға мәжбүр болады. Ал бәсекелестіктің күшеюі экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік өндіріс саласында жақсы өзгерістерге себеп болуы мүмкін. Мұнымен қоса, ынтымақтастық деңгейде отандық компаниялар шетелдік компаниялар тараптарынан, пайдаланылған технологияларды жаңғыртуда тікелей қолдауларға ие бола алады, бұл отандық фирмалардың еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі. Демек елдің жалпы экономикалық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- ТШИ ағынының теріс салдары да болуы мүмкін. Атап айтқанда, ТШИ сыртқы балансқа кері әсер етуі мүмкін, себебі пайданы қайтару капиталды транзакциялау шотына теріс әсер беруі мүмкін. Сонымен қатар, әрдайым шетелдік қаржыландыруға шамадан тыс тәуелді болған жағдайда, мемлекет өзінің экономикалық тәуелсіздігін жоғалтуы мүмкін. ТШИ ағынының тағы бір жағымсыз әсері, ол шетелдік компаниялардағы жалақының жоғары болуына байланысты, отандық компаниялар өздерінің зияткерлік әлеуетін жоғалтуы мен бәсекеге қабілеттілігі төмендеп кету қаупі болып табылады.

- Көптеген ғылыми зерттеулер белгілі бір экономикалық даму деңгейіне жеткен дамушы елдер ТШИ ағынынан көбірек қомақты пайда көре алатынын айтады. Мысалға ТШИ-дан келетін негізгі оң әсерлер болып, жан басына шаққандағы жоғары табыс, жоғары білікті жұмыс күші, халықаралық сауданың ашықтығы және жеткілікті деңгейде дамыған қаржы нарықтары болып табылады.

Осылайша, ТШИ елдің экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Ал болжанын теріс факторларды ТШИ-ны тиісті деңгейде мемлекеттік реттеу және қажетті жағдайлар жасау арқылы бейтараптандыруға болады. Сол себепті үкімет халықаралық қаржылық интеграциядан түсетін пайданы барынша арттыруға және қаржылық тұрақсыздық тәуекелдерін мүмкіндігінше азайтуға ұмтылуы тиіс [8].

Джон Даннинг шетелдік инвесторлардың инвестициялық шешімдеріне әсер ететін кейбір негізгі факторларды бөледі:

- Нарық мөлшері нақты ЖІӨ немесе халық санымен сипатталады және ішкі нарықтың үлкендігі «орналасу артықшылығымен» байланысты. Ғылыми зерттеулер шетелдік компаниялар жаңа нарықтық мүмкіндіктерді іздеу барысында инвестициялар құятынын көрсетеді. Сондықтан да нарықтың мөлшері инвестициялық шешім қабылдауға әсер ететін өте маңызды фактор екенін ескерген жөн.

- Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсу қарқыны. Ғылыми зерттеулерде, ЖІӨ-і жылдам қарқынды өсіп жатырған елдер, шетелдік инвесторлар үшін тартымды деп санайды. Соның ішінде, Калем өз ғылыми зерттеулерінде шетелдік инвесторларды тез өсіп келе жатқан нарықтар қызықтыратынын эмпирикалық дәлелдер жүзінде келтіреді [9].

- Халықаралық сауда үшін нарықтың ашықтығы. Сауда режимін ырықтандыру және шетелдік инвесторлар үшін экспорттың қол жетімділігі, елдің инвестициялық тартымдылығын арттырудағы негізгі факторлары болып табылады.

- Саясатты жүзеге асыру үшін қажетті жоғары сапалы институттар. Инвестиция құюда шешім қабылдауға әсер ететін маңызды факторлардың бірі, елдегі институционалдық ортаның сапасы болып табылады. Тиімді деп есептелетін институттар шетелдік инвесторларға өз бизнестерін жүргізуде, нақты бекітілген заңға сүйенуге мүмкіндік береді. Институттардың сапалылығы шетелдік инвестор үшін, елге инвестиция құю барысындағы белгісіздіктер мен тәуекелдердің төмен болуына себеп болады және сол арқылы инвестордың жадына ертеңгі күнге деген сенімін арта алады.

- Елдің макроэкономикалық жағдайы. Джон Даннингтің зерттеулері негізінен инфляция мен сауда шарттарын (импорттық және экспорттық бағалардың арақатынасы) атап өтеді. Үкіметтің инфляцияны бақылай алу қабілеті инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге ықпал ете алады, сәйкесінше ол өз кезегінде елге ТШИ ағынын ынталандыратын болады. Одан басқа, сауданың қолайлы жағдайлары ТШИ-ның құйылуына оң әсерін бере алады. Алайда, егер экспортталатын тауарлардың бағасы импортталатын тауарлардың бағаларымен салыстырғанда өссе, сауда шарттары қолайлы деп есептеледі. Десекте, мұндай бағаның өзгеру себептері анықталуы тиіс.

### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

ТШИ тартуда институционалдық факторлардың әсерін бағалауды үш шартты топқа бөлуге болады. Индекстердің бірінші тобы – үлкен топ институттарының тиімділігін сипаттау үшін құрылған. Оларды мемлекеттің демократиялығына, азаматтық және экономикалық бостандық деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге және мемлекеттік басқару тиімділігі көрсеткіштеріне бөлуге болады. Бұл индекстер сараптамалық бағалауларға және сандық көрсеткіштерге негізделген халықаралық салыстырмалы көрсеткіштер болып табылады. Мысалы, Цем Тинтин ТШИ тартымдылығы бар Орталық және Шығыс Еуропа елдері мысалында институттардың дамығандығы маңыздылығын қарастырады

[10]. Бұл топта 4 индекс таңдалған: экономикалық еркіндік, саяси құқықтар, азаматтық еркіндік және мемлекеттік әлсіздік индекстері. Автордың жүргізген эмпирикалық зерттеуінің нәтижесі барлық төрт көрсеткіштердің маңыздылығын айқындады. Соның ішінде ТШИ тұрақты факторы ретінде экономикалық еркіндік индексі ерекше бөлінді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы зерттеулерде ғалымдар бизнесті жүргізудің жеңілдігі индекстерін, халықаралық елдің тәуекелі (ICRG), дүниежүзілік мемлекеттік басқару тиімділігінің индексін (Worldwide Governance Indicators) пайдалана бастады. Мысалы, Қазақстан Дүние жүзі Банкі жүргізетін «Бизнесті жүргізу жеңілдігі» индексі бойынша 2019 жылды қорытындылай келе 25-ші орынды иеленді, бұл индекс бойынша өткен жылы 28 орында болғанбыз, көрші Ресей болса 28-ші орында екен. Ал өңірлерге бөлгенде алғашқы үштікті Алматы қаласы, Маңғыстау облысы және Ақтөбе облысы толықтырып тұр [11]. Сондай-ақ Дүниежүзілік мемлекеттік басқару тиімділігі индексі 1996-2018 жылдар аралығындағы 200-ден астам ел мен аумақтар үшін мемлекеттік басқарудың алты кең аспектісін қамтып, талдап келеді:

- Азаматтардың дауысы және органдардың есеп беруі (Voice and Accountability);
- Саяси тұрақтылық және зорлық-зомбылықтың/терроризмнің болмауы (Political stability and Absence of violence/terrorism);
- Үкімет жұмысының тиімділігі (Government Effectiveness);
- Реттеу үрдістерінің сапасы (Regulatory quality);
- Заңның үстемдігі (Rule of Law);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (Control of Corruption) [12].

#### 1-кесте – Институционалдық көрсеткіштердің құрамы

Институционалдық индекс	Индекснің құрамы
Мемлекеттік әлсіздік индексі (Fragile States Index, 2005 жылдан бері)	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қауіпсіздік аппараты</li> <li>2. Фракцияланған элиталар</li> <li>3. Шағымдарды қарастыратын топ</li> <li>4. Экономика</li> <li>5. Экономикалық теңсіздік</li> <li>6. Адам қашқындығы және ғұламалардың жылыстауы</li> <li>7. Мемлекеттің заңдылығы</li> <li>8. Қоғамдық қызметтер</li> <li>9. Адам құқықтары</li> <li>10. Демографиялық қысым</li> <li>11. Босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылар</li> <li>12. Сыртқы араласу</li> </ol>
Экономикалық еркіндік индексі (Index of Economic Freedom, 1995 жылдан бері)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Меншік құқығы</li> <li>Мемлекеттің араласуы</li> <li>Сот тиімділігі</li> <li>Салық ауыртпалығы</li> <li>Мемлекеттік шығындар</li> <li>Қаржылық тұрақтылық</li> <li>Бизнес бостандығы</li> <li>Еңбек бостандығы</li> <li>Монетарлық еркіндік</li> <li>Сауда еркіндігі</li> <li>Инвестиция еркіндігі</li> <li>Қаржылық еркіндік</li> </ul>
Ескерту – [19] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған	

Индекстердің екінші тобы институттардың шағын тобын сипаттайды, көбінесе заң шығару жүйесінің тиімділігін бағалау үшін қолданылады. Дж. П. Х. Фан [13] және т.б. және П. Джадхав [14] мақалаларында заңның үстемдік индексі пайдаланылады, авторлар реттеу сапасын, саяси тұрақтылықты және сыбайлас жемқорлықты бақылау көрсеткіштерін енгізеді. Екі мақаланың авторлары да институттардың сапасы ТШИ-ға оң әсер ететінін дәлелдейді. Сондай-ақ Х. Вильяверде, А. Маза [15] және Д. Уолштың Д. Юмен [16] мақалаларында институттардың шағын топтарының әртүрлі көрсеткіштері көмегімен

олардың тиімділігін бағалауды дәлелдейді. International Country Risk Guide базасының негізінде Ф. Али, Н. Фисс және Р. МакДональд институттар ТШИ ағынының тұрақты болжаушысы болып табылатынын эмпирикалық әдіспен дәлелдеген. Басқа зерттеулердің нәтижелері үкіметтің тұрақтылығы, қақтығыстар, сыбайлас жемқорлық пен этникалық шиеленістер, құқық тәртібі мен бюрократия сапасы шетелдік инвестициялардың ағынын анықтайтын маңызды факторлар болып табылатынын көрсетеді. Институттардың салыстырмалы түрде шығын топтарын сипаттайтын индекстерді пайдаланатын барлық зерттеулер тұтастай алғанда институционалдық ортаны бағалау мүмкін еместігімен баяндалады.

Индекстердің үшінші тобы институттардың тиімділігін сипаттау үшін пайдаланылатын институттардың жай-күйін жанама сипаттайтын сандық өлшенген шамаларды қамтиды. Көбінесе мұндай зерттеулерде көрсеткіштердің бір айнымалы астында біріктірілген үлкен жиынтық пайдаланылады. Мысалы, К. Кастильоне өңір халқының жалпы санын қоса алғанда жұмысқа орналасқандардың пайызы және өңірдегі жоғары білімі бар халықтың үлесі сияқты айнымалыларды пайдалана отырып, институт тиімділігін жанама түрде өлшейді. Бұл тәсіл жиі пайдаланылмайды, өйткені институттар жүйесінің жалпы тиімділік көрсеткіштерін емес, жанама түрде оның жекелеген бөлігін ғана сипаттайды [17].

## 2-кесте – Мемлекеттік әлсіздік индексі рейтингі


№	Мемлекет	Индикатор	2017	2018	2019
1	Йемен	Жалпы мемлекеттік әлсіздік индексі	111.1	112.6	113.5
		Мемлекеттік әлсіздік индексінің рейтингі	4	3	1
2	Өзбекстан	Жалпы мемлекеттік әлсіздік индексі	81.5	79.1	75.7
		Мемлекеттік әлсіздік индексінің рейтингі	63	67	70
3	Ресей	Жалпы мемлекеттік әлсіздік индексі	79.2	77.1	74.7
		Мемлекеттік әлсіздік индексінің рейтингі	67	69	73
4	Қазақстан	Жалпы мемлекеттік әлсіздік индексі	65.9	63.4	61.6
		Мемлекеттік әлсіздік индексінің рейтингі	113	117	116
5	Финляндия	Жалпы мемлекеттік әлсіздік индексі	18.7	17.9	16.9
		Мемлекеттік әлсіздік индексінің рейтингі	178	178	178

Ескерту – [20] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы дәлелдерді қарастыра отырып, біз бірінші топтың логикасын, оның ішінде құрам бөлігі бойынша бір бірімен қиылыспайтын екі көрсеткішті таңдадық. Бұл экономикалық еркіндік индексі және мемлекеттік әлсіздік индексі. Осы индекстерді толықтай сипаттап алайық. Экономикалық еркіндік индексі (Index of Economic Freedom) — бұл елдер бойынша экономикалық еркіндік деңгейін анықтайтын рейтинг. Индексті американдық зерттеу орталығы The Heritage Foundation қоры 1995 жылдан бастап дайындайды. Орталықтың сарапшылары экономикалық еркіндіктің ішінде «азаматтарға қажетті бостандықты қорғау мен қолдаудан басқа, өндірісте, бөлуде және тауарлар мен қызметтерді тұтынуға үкіметтік интервенциялардың болмауы» деп түсіндіреді (1-кесте).

Мемлекеттік әлсіздік индексіні 2005 жылдан бастап «Fund of Peace» қорының зерттеу орталығы шығарады. Мемлекеттер сараптамалық бағалау негізінде жанжалдарды бағалаудың жүйелік құралы көмегімен талдайды. Жанжалдарды бағалаудың жүйелік құралы саяси басшылықтың, әскердің,

полицияның, сот жүйесінің және түрлі азаматтық қызметтердің мемлекет пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде іскерлігін көрсететін мемлекеттік әлсіздік өлшем сомасына негізделген (1-кесте). Сарапшылар әрбір критерияны былай бағалайды: бағалау төмен болған сайын, соғұрлым мемлекеттің тұрақтылығы жоғары және соғұрлым тәуекелдер мен қауіптер төмен дегенді білдіреді (2-кесте). Кестеде соңғы үш жылдың көрсеткіштері баяндалған. 2019 жылғы көрсеткіштерге сүйенсек, бағалауы ең төмен 16.9 ұпаймен Финляндия мемлекеті көш бастаса, ең жоғарғы 113.5 ұпайға ие болған Йемен болды. Қазақстан бұл орайда 61.6 ұпаймен өңірде көш бастап тұр.



Сурет 1 – Экономикалық еркіндік индексі рейтингі

Ескерту – [21] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған

Экономикалық еркіндік индексі құрылымына кіретін көрсеткіштердің әрқайсысының орташа арифметикалық сомасы бойынша есептеледі. Балл неғұрлым көп болған сайын, сол критерий бойынша елдегі экономикалық еркіндік деңгейі жоғары бағаланады (сурет 1). Диаграммада көрсетіліп отырғандай 100 ұпай максималды экономикалық еркіндікті білдіреді, сәйкесінше 2019 жылы әлемде бұл индекс бойынша көш бастап отырған Гонконг (90.20 ұпай) және Сингапур (89.40 ұпай) елдері болып танылды. Қазақстан 65.4 ұпаймен 59 орынға жайғазса, Ресей 58.9 ұпаймен 97 орынды иеленді. Экономикалық еркіндік индексі 5.9 ұпаймен Солтүстік Корея (179 орын) мемлекеті соңын толтырған екен.

Қазіргі заманғы зерттеулерде осы индекстің теориясы тұтастай алғанда белгісіз болып табылады, өйткені неғұрлым мемлекеттік институттар тиімді болса, шетелдік инвесторларға соғұрлым жоғары ақы төлеуге тура келеді, бұл дегеніміз ТШИ тартуда мемлекеттер үшін институционалдық дамудың оңтайлы деңгейін таңдау мәселесін қояды. Мәселен, экономикасы дамыған елдерде инвесторларға көлемді салық салуға тура келеді, кәсіподақтардың белсенді қызмет атқарулары және орташа жалақы көлемінің жоғары болуы, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын ұлғайтады. Сол секілді, индекс жоғары мемлекеттерде (яғни мемлекеттің тұрақсыздығы және институционалдық даму деңгейі төмен) инвесторлар меншік құқықтарының қорғалмау мәселесіне және қылмыстың жоғары деңгейіне немесе қарулы қақтығыстардың болуына байланысты шығындары жоғары болуы ықтимал. Екі индекс те дамушы елдердің институционалдық ортасын сипаттау үшін жақсы. Бұл ретте олар салық басқармаларының, кәсіподақтардың сипаттамаларын, еңбек нарығының жағдайын, сыбайлас жемқорлық деңгейін және мемлекеттің бизнеске жәрдемдесу деңгейін қамтиды. Бұл факторлардың барлығы шетелдік инвесторларға белгілі бір елде орналасқан компанияға инвестиция құю кезінде шешім қабылдауға көмектеседі.



Бұл зерттеуде біз халықтың жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс деңгейі бойынша мемлекеттердің жіктелуі пайдаланылған. Дүниежүзілік банк дамушы елдерді 4 топқа бөледі: жан басына шаққандағы табыс деңгейі төмен елдер (ЖҰТ), яғни 1025 АҚШ долл. және одан төмен, жан басына шаққандағы табысы орташа деңгейден төмен елдер шамамен 1026-3995 АҚШ долл., құрайды, жан басына шаққандағы табысы орташа деңгейден жоғары елдер 3996-12 375 АҚШ долл., Қазақстан мен Ресей осы деңгейге кіреді және табысы жоғары деңгейдегі мемлекеттер әдетте 12 375 АҚШ долл., жоғары. Бұл жіктеуде экономикалық еркіндік индексі және мемлекеттің әлсіздік индексі маңызды топаралық айырмашылықтарға ие. Бұл айырмашылықтар матрица түрінде көрсетілген және 3-кестеден көруге болады, мұнда мемлекеттер арасындағы индекс айырмашылықтары көрсетілген (бірінші мәні экономикалық еркіндік индексі үшін, екінші мәні мемлекеттік әлсіздік индексі үшін). Орта есеппен жан басына шаққанда жалпы ұлттық табысы жоғары елдер үшін экономикалық еркіндік индексі неғұрлым жоғары мәнге ие, ал мемлекеттік әлсіздік индексі неғұрлым төмен мәндерге тән. Бұл эконометриялық модельдерді құру кезінде аталған индекстер кезіндегі коэффициенттер белгілері туралы гипотезаларды ұсыну үшін негіз береді.

### 3-кесте – Институционалдық көрсеткіштердің топаралық айырмашылықтары

	Табысы төмен		Табысы орташадан төмен		Табысы орташадан жоғары		Табысы жоғары	
	Экономикалық еркіндік индексі	Мемлекеттік әлсіздік индексі	Экономикалық еркіндік индексі	Мемлекеттік әлсіздік индексі	Экономикалық еркіндік индексі	Мемлекеттік әлсіздік индексі	Экономикалық еркіндік индексі	Мемлекеттік әлсіздік индексі
Табысы төмен	0,00	0,00	-2,89	5,62	-4,08	15,79	-14,71	35,32
Табысы орташадан төмен	2,89	-5,62	0,00	0,00	-1,19	10,17	-11,82	29,70
Табысы орташадан жоғары	4,08	-15,79	1,19	-10,17	0,00	0,00	-10,63	19,53
Табысы жоғары	14,71	-35,32	11,82	-29,70	10,63	-19,53	0,00	0,00

Ескерту – [22] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған

### ҚОРЫТЫНДЫ

Институционалдық ортаның көрсеткіштері ел экономикасы дамудың белгілі бір деңгейіне жеткен кезде ғана шетелдік инвесторлар үшін тартымды болып отыр. Мұндай елдерде капитал қозғалысы кезіндегі инвесторлардың шығындары, ақпараттың толық еместігінен болған шығындар, ақпараттың ақылы болуына байланысты шығындар және т.б., экономикасы аз дамыған мемлекеттерден қарағанда төмен болуы тиіс. Мұндай елдер өз институттарының дамуы есебінен әлемдік экономикалық кеңістікке барынша интеграцияланған. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері елдің институционалдық дамуының жоғары көрсеткіштері, елдің экономикалық дамуы белгілі бір деңгейге жеткенде ғана шетелдік инвесторлар үшін маңызды факторға айналатынын көрсетті (жалпы ұлттық өнім жан басына шаққанда 3996 АҚШ долларына тең). Институттарды жақсартуға және елдің шетелдік инвесторлар үшін экономикалық тартымдылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат, бірінші кезекте, экономикалық дамудың ағымдағы деңгейін ескеруге және тиісті қағидалар мен басымдықтарды негізге алуға тиіс. Атап айтқанда, егер мемлекет ағымдағы сәтте Дүниежүзілік Банктің жіктемесі бойынша орташадан жоғары кіріс деңгейіне жетпесе, онда бұл шетелдік инвесторлардың мемлекетке инвестиция құю туралы шешімдеріне әсер етпейді. Олардың шешімдеріне ТШИ тартудың «классикалық» факторлары ғана әсер етеді. Егер елдің табысы орташадан жоғары деңгейге жетсе, бұл жағдайда инвесторлар үшін мемлекеттің әлсіздік индексі маңызды болады. Бұл индекстің жоғары маңызы бар ел-

дерде (яғни мемлекеттің тұрақсыздығы және институционалдық дамудың төмен деңгейі) инвесторлар меншік құқықтарының қорғалмау мәселесіне және қылмыстың жоғары деңгейіне немесе қарулы қақтығыстардың пайда болуына байланысты шығындардың жоғары ықтималдығына соқтығуы мүмкін. Мемлекет инвесторлар үшін жоғары табыс деңгейіне қол жеткізуі маңызды және екінші индекс түрлі аспектілерде экономикалық еркіндікті ескеретін, институттардың тиімділігін көрсететін экономикалық еркіндік индексі болып табылады. Бұл жағдайларда индекс компоненттері маңызды әрі дамушы елдер арасында ТШИ ағынын анықтайтын болады. Бұл басымдықтарды инвестициялық тартымдылықты арттыру, елдің институционалдық даму саясатын жоспарлау және іске асыру кезінде дамушы елдердің үкіметтеріне ескеру қажет, сондай-ақ нәтижелі институционалдық даму мақсаттары үшін бюджет қаражатын бөлу және тиімді пайдалану кезінде де ескеру қажет, өйткені қазіргі кезде инвестициялық институттарды басқарудағы басымдылық мемлекеттік билік органдарына берілген.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Drimier M. H., Wolsten S., Su L. C. The Investment Climate and the Firm: Firm-Level Evidence from China – 2003.
2. De Mello L. Foreign direct investment-led growth: Evidence from time series and panel data // Oxford Economic Papers – 1999.
3. North D. Institutions, institutional change and the functioning of the economy. – 1997.
4. Hymer S. H. The international operations of national firms: A study of foreign direct investment. – Cambridge: MIT, 1976. – 288 p.
5. Porter M. The Competitive Advantage of Nations // Harvard Business Review. – 1976. – № 2. – pp.1–21.
6. Yıldırım A., Gökalp M. F. Institutions and Economic Performance: A Review on the Developing Countries // Procedia Economics and Finance. – № 38. – pp. 347–359. – Doi: 10.1016/S2212–5671(16)30207–6 - 2016.
7. Edison H. How Strong Are The Links Between Institutional Quality and Economic Performance // Finance & Development. – 2003. – № 40 (2). – P. 35–37.
8. Dunning J. Multinational Enterprises and the Global Economy. – Wokingham, England: Addison-Wesley Publishing Company, 1993.
9. Babayan G. The impact of institutional factors on attracting Foreign Direct Investment. – Flows Politecnico Di Milano, 2015.
10. Tintin C. The determinants of foreign direct investment inflows in the Central and Eastern European Countries: The importance of institutions // Communist and Post-Communist Studies. – 2013. – № 46. – pp. 287–298.
11. Ease of Doing Business [Электрондық ресурс] // The World Bank [ресми сайт]. – 2020. – URL: <https://www.doingbusiness.org/en/rankings> (қарау уақыты: 17.02.2020).
12. Worldwide Governance Indicators [Электрондық ресурс] // The World Bank [ресми сайт]. – 2020. – URL: <http://info.worldbank.org/governance/wgi/Home/Documents> (қарау уақыты: 17.02.2020)
13. Fan J. P. H. Institutions and Foreign Direct Investment: China versus the Rest of the World // World Development. – Vol. 37. – №. 4. – pp. 852–865.
14. Jadhav P. Determinants of foreign direct investment in BRICS economies: Analysis of economic, institutional and political factor, (ICEE-2012) // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2009. – № 37. – pp. 5–14. – DOI: 10.1016/j.sbspro.2012.03.270 – 2009.
15. Villaverde J., Maza A. The determinants of inward foreign direct investment: Evidence from the European regions // International Business Review. – 2015. – № 24. – pp. 209–223. – DOI: 10.1016/j.ibusrev.2014.07.008.
16. Walsh J. P., Yu, J. Determinants of Foreign Direct Investment: a Sectoral and Institutional Approach. – IMF Working Paper WP/10/187, 2015. – 27 p.
17. Castiglione C., Castiglione C. FDI determinants in an idiosyncratic country. A reappraisal over the Russian regions during transition years // Communist and Post-Communist Studies. – 2012. – № 45. – pp. 1-10.

18. Экономикалық еркіндік индексі [Электрондық ресурс] // The Heritage Foundation [web-версия]. – 2019. – URL: [https://www.heritage.org/index/pdf/2019/book/index\\_2019.pdf](https://www.heritage.org/index/pdf/2019/book/index_2019.pdf) (қарау уақыты: 13.02.2020).
19. Мемлекеттік әлсіздік индексі 2019 [Электрондық ресурс] // The Fund for Peace [web-версия]. – 2020. – URL: <http://fundforpeace.org/wp-content/uploads/2019/04/9511904-fragilestatesindex.pdf> (қарау уақыты: 13.02.2020).
20. Мемлекеттік әлсіздік индексі [Электрондық ресурс] // The Fund for Peace [web-версия]. – 2020. – URL: <https://fragilestatesindex.org/excel/> (қарау уақыты: 13.02.2020).
21. Экономикалық еркіндік индексі [Электрондық ресурс] // Index of Economic Freedom [web-версия]. – 2020. – URL: <https://www.heritage.org/index/ranking> (қарау уақыты: 13.02.2020).
22. 2019–2020 жылдарға арналған мемлекеттер кірісі деңгейлерінің жаңаша жіктелінуі [Электрондық ресурс] // The World Bank [ресми сайт]. – 2020. – URL: <https://blogs.worldbank.org/opendata/new-country-classifications-income-level-2019-2020> (қарау уақыты: 15.02.2020).

## REFERENCES

1. Drimier, M. H., Wolsten, S. and Su L. C. (2003), “The Investment Climate and the Firm: Firm-Level Evidence from China”.
2. De Mello, L. (1999) “Foreign direct investment-led growth: Evidence from time series and panel data”, Oxford Economic Papers.
3. North, D. (1997), “Institutions, institutional change and the functioning of the economy”.
4. Hymer, S. H. (1976), “The international operations of national firms: A study of foreign direct investment”, Cambridge, MIT, 288 p.
5. Porter, M. (1976), “The Competitive Advantage of Nations”, Harvard Business Review, No 2, pp.1-21, 1976.
6. Yıldırım, A. and Gökalp, M. F. (2016), “Institutions and Economic Performance: A Review on the Developing Countries”, Procedia Economics and Finance, No 38., pp. 347–359, Doi: 10.1016/S2212–5671(16)30207–6 - 2016.
7. Edison, H. (2003), “How Strong Are The Links Between Institutional Quality and Economic Performance”, Finance & Development, No 40(2), pp. 35–37.
8. Dunning, J. (1993), “Multinational Enterprises and the Global Economy”, Addison-Wesley Publishing Company, Wokingham, England.
9. Babayan G. (2015), “The impact of institutional factors on attracting Foreign Direct Investment”, Flows Politecnico Di Milano.
10. Tintin, C. (2013), “The determinants of foreign direct investment inflows in the Central and Eastern European Countries: The importance of institutions”, Communist and Post-Communist Studies, No 46, pp. 287–298.
11. “Ease of Doing Business” (2020), The World Bank, available at: <https://www.doingbusiness.org/en/rankings> (accessed: February, 17, 2020).
12. “Worldwide Governance Indicators” (2020), The World Bank, available at: <http://info.worldbank.org/governance/wgi/Home/Documents> (accessed: February, 17, 2020)
13. Fan, J. P. H. “Institutions and Foreign Direct Investment: China versus the Rest of the World”, World Development, Vol. 37, No. 4, pp. 852–865.
14. Jadhav, P. (2009), “Determinants of foreign direct investment in BRICS economies: Analysis of economic, institutional and political factor, (ICEE-2012)”, Procedia – Social and Behavioral Sciences, No. 37, pp. 5–14, DOI: 10.1016/j.sbspro.2012.03.270
15. Villaverde, J., Maza, A. (2015), “The determinants of inward foreign direct investment: Evidence from the European regions”, International Business Review, No. 24, pp. 209–223, DOI: 10.1016/j.ibusrev.2014.07.008.
16. Walsh, J. P., Yu, J. (2015), “Determinants of Foreign Direct Investment: a Sectoral and Institutional Approach”, IMF Working Paper WP/10/187, 27 p.
17. Castiglione, C., Castiglione, C. (2012), “FDI determinants in an idiosyncratic country. A reappraisal

over the Russian regions during transition years”, *Communist and Post-Communist Studies*, No. 45, pp. 1-10.

18. “Index of Economic freedom” (2019), The Heritage Foundation, available at: [https://www.heritage.org/index/pdf/2019/book/index\\_2019.pdf](https://www.heritage.org/index/pdf/2019/book/index_2019.pdf) (accessed: February, 13, 2020).

19. “Fragile State Index 2019” (2020), The Fund for Peace, available at: <http://fundforpeace.org/wp-content/uploads/2019/04/9511904-fragilestatesindex.pdf> (accessed: February, 13, 2020).

20. “Fragile States Index” (2020), The Fund for Peace, available at: <https://fragilestatesindex.org/excel/> (February, 13, 2020).

21. “Index of Economic freedom” (2020), The Heritage Foundation, available at: <https://www.heritage.org/index/ranking> (accessed: February, 13, 2020).

22. “New country classifications by income level: 2019–2020” (2020), The World Bank, available at: <https://blogs.worldbank.org/opendata/new-country-classifications-income-level-2019-2020> (accessed: February, 15, 2020).

### SUMMARY

If we sum up our research, we see it has shown that high indicators of the country's institutional development become an important factor for foreign investors if only the country's economic development reaches a certain level. State policy aimed at improving the country's institutions and increasing its economic attractiveness to foreign investors must first take into account the current level of economic development and proceed from the relevant principles and priorities.

### ТҮЙІНДЕМЕ

Біздің зерттеуіміздің түйіні елдің институционалдық дамуының жоғары көрсеткіштері, елдің экономикалық дамуы белгілі бір деңгейге жеткенде ғана шетелдік инвесторлар үшін маңызды факторға айналатынын көрсетеді. Институттарды жақсартуға және елдің шетелдік инвесторлар үшін экономикалық тартымдылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат, бірінші кезекте, экономикалық дамудың ағымдағы деңгейін ескеруге және тиісті қағидалар мен басымдықтарды негізге алуға тиіс.

### РЕЗЮМЕ

Резюмируя наше исследование, получаем что высокие показатели институционального развития страны становятся важным фактором для иностранных инвесторов только тогда, когда экономическое развитие страны достигает определенного уровня. Государственная политика, направленная на улучшение институтов и повышение экономической привлекательности страны для иностранных инвесторов, должна в первую очередь учитывать текущий уровень экономического развития и исходить из соответствующих принципов и приоритетов.

### СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

**Аширбекова Лаура Жалгасовна** – кандидат экономических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан

**Жұмағұл Төрехан Төрбекұлы** – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: [torekhan07@gmail.com](mailto:torekhan07@gmail.com)